# Әбіқай ақын - Торғай ақындық мектептің тұлғалы ұстазы

**Зұлмат заман «ақтаңдағы», бұрынғы Торғай уезіне қарасты болыстың тумасы, Торғай ақындық мектебінің ұстазы - Әбіқай Нұртазаұлы. Ақын 1871 жылы Торғай оязы, Тосын құмы жерінде алғаш дүние есігін ашады. Әбіқай жастайынан өзінің өнерімен ел арасында танила бастаған. Ерекше тұлғаның өлең туралы эстетикалық ойлары ғылыммен қабысып жатыр десек, қателеспейміз. Өлеңнің сара жолдарындағы сан қилы тәтті де ащы оларды таразыға тартқан азамат қазір де халық аузында жатталды.**

Ақын өлеңдерінің басым көпшілігі төңкеріске дейінгі молдалардың, ел басшыларының бойындағы келеңсіз, жаман мінездерді сынауға арналған. Мысалыға : «Штатқа таласқандарға» өлеңінде:

«... Ағайын, атқа мінген
аһаласып,
Біріңді-бірің күндеп,
табаласып,
Бақталас, шенқұмарлық
шырқын бұзды-ау,
Ерлерді ел бастайтын
қара басып.
Бұл күнде құрсақтының
құрты қозды.

Шіп-шикі жылқы майға араласып,- деп елдің атқамінерлері шенге таласқанын суреттеген. Сонау 20-жылдары А.Байтұрсынов бастаған бір топ ел азаматтары түрмеге қамалғанда бой тасаламай, оларға өлеңмен хат жолдап, ел ішінің ақ тілеуін білдіріп, қайраттарын жандандырып, ертеңгі күннен күдер үзбеуге шақырды. Әбіқай ақын жырларын С.Мәуленов, С.Оспанов сынды белгілі тұлғалар зерттеп, лайықты бағаларын берген. Ақынның өнер жолын қуған шәкірттерінің бірі Н.Ахметбеков Әбіқай атамыздың бірқатар өлеңдерін домбыраға салып орындап, ел арасына тартқаны белгілі. Әбіқай Нұртазаұлының 1921-1922 жылдардағы «Тас мешін» атты поэмасы бар. Поэма 1921-22 жылдары Торғай өңірінде болған, жергілікті халық «Тас мешін» деп атап кеткен мешін жылғы жұрттағы ашаршылық, елдің ауыр халі болса керек. Ақын мәйіті Бестаудың Тасмола деген жеріне қойылған

Жыр дүлдүлінің ғасырды артқа тастап жарық көрген жинағы оқырман көзайымына айналсын, ардақты ағайын!

**Тоғжан ЗІКІР,**
**Ы. Алтынсарин атындағы гимназияның 8 сынып оқушысы.**